Қазақ эпосын оқыту контекстінде қарастыратын болсақ, жобалық әдіс арқылы оқыту барысында осы принциптері алға қойылады:

- Теориялық – студент эпостың идеялық-мазмұндық мәселесін ғылыми тұрғыдан шешеді. (мысалы, «Қобыланды батырдағы ерлік концептісі» туралы зерттеу).
- Практикалық – студент оқу процесінде қолдануға болатын өнім жасайды (мысалы, «Эпос кейіпкерлерінің заманауи бейнесі» және «Эпостағы батырдың үйлену жолын картография әдісіне түсіру» тақырыбында бейнежоба немесе карта көрмесі).

Оқыту принциптерінің негізінде жобалық әдісі арқылы оқыту үдерісі төрт кезеңнен қарастыруға болады:

1. Мәселені анықтау және тақырып таңдау. Мысалы: «Қобыланды батыр» жырындағы отаншылдық идея, Эпостың әйел бейнелері жүйесі, Батырлық эпос пен қазіргі ұлттық сана байланысы, т.б.

2. Зерттеу және ақпарат жинау. Бұл кезеңде білім алушылар эпостың мәтінін, ғылыми мақалаларды, фольклорлық нұсқаларды талдайды, салыстырмалы әдіс қолданады.

3. Жобаны құрастыру және шығармашылық өнім жасау. Әдеби көрініс, деректі видео, интерактивті карта, кейіпкер портреті, цифрлық иллюстрациялар бәрі жобаның нәтижелік формасы болуы мүмкін.

4. Қорғау және рефлексия. Әр топ өз жобасын ұсынады, пікірталас жүргізеді, өзін-өзі бағалау және топтық талдау жүзеге асады.

Айта келе, бұл кезеңдер оқушының белсенділігі мен шығармашылық қабілеттерін арттырады. Яғни, бұрын эпостар әдеби-мәдени құбылыс ретінде қарастырылса, енді ол оқыту әдістемесін жетілдірудің құралы ретінде сипатталады. Мұндай тәсіл студентті өмірлік жағдайларда шешім қабылдауға, командамен жұмыс істеу және өзінің кәсіби саласында жаңа өнім ұсынуға дайындайды.

**Талқылау мен бақылау.** Қазақ халқының тарихы ерлік пен елдік рухқа толы. Сан ғасырлар бойы ел тағдыры мен жер тұтастығын қорғаған батырлардың ерлігі халық жадында мәңгілік орын алады. Батырлық жырлар мен тарихи эпостар ұлттың рухани дүниесін, арман-мұратын, ерлік идеалын бейнелейтін асыл мұралар. Бұл туындыларда елін сүйген, туған жері үшін жанын қиған қаншама қаһарман тұлғалар күні бүгінге ел аузында айтылды. Әрине, бүгінгі қоғамда да батырлық ұғымы өз мәнін жойған жоқ. Уақыт пен заман өзгерсе де, елге деген адалдық пен жауапкершілік қасиеті адам бойындағы ең асыл құндылықтардың бірі болып қала береді. Қазіргі заманның қаһармандары өз ісінде ерлік пен жанқиярлық танытқан азаматтарымыз аз емес. Олар да эпостық батырлар секілді елінің тыныштығы мен халқының амандығы үшін күресетін жандар.

Осы орайда, батырлық жырларындағы дәстүрлі батыр бейнесі мен қазіргі заманның тұлғалық сипаттары салыстырмалы тұрғыдан қарастырылады. Зерттеу барысында олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары, рухани байланыстары және ұлттық санадағы орны талданады. Жұмыстың басты мақсаты өткені мен бүгінді байланыстырып, батырлық ұғымының ұлт мәдениетіндегі үздіксіз жалғастығын көрсету. Өйткені батырлықтың іс әрекеті өткеннің тарихында қала бермейтіні, ол бүгінгі ұрпақтың бойындағы рух пен намыстың айғағы, жалғасы тарапынан деп түсіну.

Қазақ әдебиеттануы мен фольклортану ғылымында батырлық эпостың идеялық мәні мен қазіргі қоғамдағы жалғастығы туралы көптеген ғалымдар терең зерттеу жүргізген. Солардың ішінде Ә.Қоңыратбаев, Р.Бердібаев, Ш.Ыбырай, Серік Қасқабасов, С.Сәкен, т.б. ғалымдардың еңбектері батырлық тақырыбының тарихи және заманауи қырларын байланыстыра қарастыруда ерекше маңызға ие. Фольклортанушы-ғалым С. Қасқабасов та осы идеяны қолдай отырып, батырлық эпостың мәңгілік мәнін айқындайды. Ол еңбегінде: «Батырлар жыры – ерлік идеясын мәңгілік өмірге айналдырған көркем дүние. Ол тек өткеннің бейнесі емес, қазіргі заманның да рухани тірегі» (5, 112). Ғалымның пікірі батырлық жырдың уақыттан тыс құндылық екенін көрсетеді. Эпос пен бүгінгі қоғам арасында үзілмейтін рухани сабақтастығы. Яғни, бұрынғы батырдың қолындағы қару бүгінде білім мен ғылымға, кәсіби шеберлікке айналған. Бұрынғы жау шапқыншы болса, бүгінгі күрес өмір мен өлім, тәртіп пен жауапсыздық, әділдік пен әділетсіздік арасындағы рухани күрес. Осылайша, батырлықтың идеясы қоғамның әр кезеңінде жаңа мазмұн алып, адамзаттың игілігі үшін қызмет етуде. Демек ол әр кезеңде өз кейіпкерін тудырып отырады. Бүгінгі қоғам қаһармандары эпос батырларының заманауи бейнесі, ал олардың әрекеттері халық рухының өміршеңдігін дәлелдейді.

Яғни, батырлық және тарихи эпостардағы Отанға деген сүйіспеншілік, ел мен жер қорғау идеяларын анықтау және қазіргі заман құндылықтарымен байланыстыру негізгі мақсат міндеттері анықталады. Мысалы,

- Эпос пен қазіргі батырлар арасындағы байланысты ашу;
- Батырлық пен отансүйгіштіктің қазіргі мәнін анықтау;
- Батырлық идеясының әр дәуірде жаңарып, жаңа мазмұн алуын көрсету.

Талқылау барысында бірнеше мысалдар келтіріп, талдауға сұрақтар ұсынуымызға болады. Мысалы, батырлық эпос кейіпкерлері мен бүгінгі қоғам қаһармандарының ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

- «Қобыланды батыр» жырындағы Отан қорғау идеясын талдау. Талқылау сұрағы: Қобыланды батырдың ерлігі мен батырлық жолы нені дәлелдейді? Мысал келтіру.

- «Ер Тарғын» жырындағы ел бірлігі мен намыс мәселесі. Талқылау сұрағы: Тарғынның патриоттық бейнесі бүгінгі жас ұрпаққа қандай өнеге береді? Батырдың ерлігі мен рухы қазіргі заман кейіпкерлерімен салыстырғанда қандай ерекшеліктерге ие?

- «Алпамыс батыр» мен қазіргі әскери қызметкерлерді салыстыру. Сұрақтар: Екеуінің де басты миссиясы неде? Елге қызмет ету жолында қандай ұқсастық бар?

- Тарихи эпос «Бөгенбай батыр» немесе «Қабанбай батыр» жырларынан үзінді келтіру.

Бақылау тапсырмасы: Батырдың ел тағдыры үшін жасаған істерін жазып шығыңыз. Қай тұстардан халықтың бірлік рухы мен отаншылдық идеясы көрінеді?

Яғни, білім алушының зерттеу жұмысы барысында орын алатын мәселелерді талдауға ұсынамыз.

Кесте 1

| Батырлық эпостардағы қаһарман бейнесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                      | Қазіргі заман қаһарманының бейнесі                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Қазақтың батырлық жырларының шығу тегі мен идеялық мазмұны;</li> <li>«Қобыланды батыр», «Ер Тарғын», «Алпамыс батыр», т.б. жырларындағы батыр тұлғасы;</li> <li>Батырлардың негізгі қасиеттері: ерлік, намыс, адалдық, ел бірлігі;</li> <li>Эпостық батырдың рухани және адамгершілік болмысы;</li> <li>Батырдың ел қорғаудағы миссиясы мен ұлттық идеал ретіндегі рөлі.</li> </ul> | <ul style="list-style-type: none"> <li>Бүгінгі қоғамдағы батырлық ұғымының жаңаша түсіндірмесі;</li> <li>Қазіргі заман қаһармандары: әскери қызметкерлер, дәрігерлер, құтқарушылар, еріктілер;</li> <li>Заманауи қаһармандардың ерлік әрекеттеріне нақты мысалдар (пандемия, төтенше жағдай, қоғамға қызмет, т.б.) келтіру;</li> <li>Батырлықтың бейбіт өмірдегі көріністері мен жаңа формалары.</li> </ul> |
| Батыр мен қаһарман бейнелерінің салыстырмалы талдауы                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                       |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |
| <ul style="list-style-type: none"> <li>Эпос батырлары мен қазіргі қаһармандардың ортақ қасиеттері мен айырмашылықтары;</li> <li>Батырлық идеясындағы жалғастық пен өзгеріс;</li> <li>Рухани сабақтастық: ерлік пен елдік рухтың ұрпақтан ұрпаққа берілуі;</li> <li>Салыстырмалы кесте мен мысалдар арқылы талдау;</li> <li>Қоғамдағы батырлықтың тәрбиелік маңызы.</li> </ul>                                              |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                             |

Мұндағы екі тақырыптың айырмашылығы уақыт пен күрес тәсілінде берілуі сипатталады. Бұрынғы батырлар нақты жаумен шайқасса, қазіргі заман қаһармандары қоғамдағы қауіп-қатермен, аурумен, апатпен, тіпті немқұрайлылық пен жауапсыздықпен де күреседі. Батырлықтың көрінісі өзгергенімен, оның мәні мен рухы сол қалпында. Бүгінгі қаһармандардың ерлігі сыртқы жауға қарсы күрес емес, ішкі жауапкершілік пен азаматтық парызды орындаудағы табандылық. Сондықтан да эпос батырлары мен қазіргі қоғам қаһармандарын байланыстыратын негізгі идея адамзатқа қызмет ету, ел мүддесін жоғары қою және рухани беріктігі.

Еркінбекова З. зерттеуінде: “The ‘hero’ in Kazakh epic tradition is a complex cultural construct combining bravery, wisdom, and loyalty to the community” [5] Қазақша аудармасы, қазақ эпостық дәстүріндегі «қаһарман» ерлікті, даналықты, қоғамға адалдықты біріктіретін күрделі мәдени құрылым. Бұл дәйексөз қазақ эпостарындағы батыр бейнесінің көпқырлы

табиғатын дәл көрсетеді. Жырдағы батыр күш иесі, қоғамның рухани тірегі. Қазіргі заман қаһармандарында да осы үш қасиеттің жалғасы бар. Олар, батылдық қауіпті жағдайда шешім қабылдау қабілеті, даналық кәсіби білім мен парасаттылық және адалдық қоғамға және өз ісіне берілгендік. Бүгінгі батырлық ұғымы дәстүрлі эпостық бейненің эволюцияланған нұсқасы. Яғни, батырлық ұғымы уақытқа бағынбайтын қасиеті екенін түсіну. Ұрпақ ауысқанымен, батырлықтың мәні елге адал болу, намысты жоғары қою, ерлік жасау рухы өзгермейді. Демек, батырлық өткеннің аңызы емес, бүгіннің шындығы.

Осы ретте, эпостардан алынған мысалдар арқылы «нағыз батыр» ұғымының мәнін тапсырмалар арқылы анықтау.

Шығармашылық тапсырма: 3-5 минуттық бейнежобаға сценарий құру (мысалы, эпостан үзінді және қазіргі замандық параллель). Эпостық батырдың ролінде қазіргі жастардың бірі өзін ел қорғаушы ретінде елестетіп бейнежазба түсіреді. Мысалы қысқаша сұхбат сұрақтары: Сіз үшін «батыр», «батырлық» ұғымы деген не? Егер осы батырлар бүгін өмір сүрсе, олар елін қалай қорғар еді? Қазіргі Қазақстанның батырлары кімдер деп ойлайсыз

Топтық бақылау жұмысы: Әр топ бірі батырды (мысалы, Қобыланды, Ер Тарғын, Махамбет, Бөгенбай) зерттеп, келесі қазіргі заман қаһарманына параллель ұсынады. Постер, инфографика, немесе видео-презентация түрінде қорғайды. Берілген тақырып аясында салыстырмалы кесте жасауды ұсынамыз:

Кесте 1

| Көрсеткіш           | Эпос батыры | Қазіргі қаһарман         |
|---------------------|-------------|--------------------------|
| Ерлік пен қайсарлық | Қобыланды   | Әскери қызметкер...      |
| Елге адалдық        | Ер Тарғын   | Дәрігер, еріктілер, т.б. |
| Рухани күш          | Алпамыс     | Азаматтық белсенді...    |

Қорытынды сұрақтарды айғақтау: Бүгінгі қоғамда батырлықтың өлшемі қалай өзгерді? Эпостағы батырлардың өнегесі қазіргі жастардың санасында сақталған ба?

Белгіленген сұрақтар аясында қарастыратын мәселелерді белгілеу:

- Зерттеу нәтижелерін жинақтау;
- Эпос батырлары мен қазіргі қаһармандардың ұқсастығы мен айырмашылығы жөнінде қорытынды ой;
- Қазіргі жастар үшін батырлық ұғымының тәрбиелік мәні;
- «Батырлық» мәңгілік рухани құндылық екендігін дәлелдеу.

Айта келе, қазақтың батырлық жырларындағы кейіпкерлер мен қазіргі заман қаһармандары бір рухтың, бір идеалдың жалғасы. Уақыт өзгерсе де, батырлықтың мәні өзгерген жоқ. Бүгінгі батыр елінің, халқының, адамзаттың игілігі үшін еңбек еткен тұлға. Батырлық – мәңгілік ұғым. Ол өткеннің ескерткіші емес, бүгіннің тірі рухы. Батырлар өткенмен бірге өмір сүрмейді, олар әр дәуірде ел үшін қызмет еткен әр жүректе өмір сүреді.

**Нәтижелер.** Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жобалап оқыту әдісін қазақ эпосын меңгерту барысында қолданған оқушылардың когнитивтік, аффективтік және мәдени құзыреттілігін қалыптастырудағы тиімді құрал ерекшеліктерін анықтай алдық.

Біріншіден, когнитивтік даму тұрғысынан, жобалық тапсырмалар (мысалы, «Батыр бейнесін қазіргі қаһарман бейнесіндегі үлгімен салыстыру», «Эпос кейіпкерінің заманауи бейнесін бейнежоба түрінде ұсыну») оқушылардың талдау, салыстыру, жинақтау қабілеттерін айтарлықтай арттырды. Оқушылар мәтін мазмұнын жаттап айту деңгейінен шығып, оның идеялық және құндылықтық өзегін ұғынуға бағытталды. Бұл Блум таксономиясының жоғарғы деңгейлерінің (анализ, синтез, бағалау) жеткен көрсеткіші.


Екіншіден, аффективтік нәтиже – оқушылардың эпостық кейіпкерлерге эмоционалды қызығушылығы мен ұлттық патриоттық сезімінің күшеюі арқылы байқалды. Сауалнама мен бақылау нәтижелері бойынша, жоба барысында оқушылардың ұлттық құндылықтарға,

батырлық пен ерлік идеяларына деген ішкі қатынасы нығайғаны анықталды. Бұл мәдени тұрғыдан мазмұнның әсерінің қалыптасуы негізінде дәлелдейді.

Үшіншіден, жобалау әдісінің әлеуметтік-коммуникативтік тиімділігі байқалды. Ол, топтық және жұптық жобалар барысында оқушылар пікірталас мәдениетін, рөлдік өзара әрекет дағдыларын дамытты. Осы арқылы эпостық тақырыптардың әдеби мазмұнын меңгеруі мен құндылықтық коммуникация алаңының айналуы ерекше атап өгуге болады.

Сонымен қатар, жобалық әдіс арқылы оқыту білім алушылардың пәндік және метапәндік құзыреттерін (ақпаратпен жұмыс, зерттеу жүргізу, шешім қабылдау, өзін-өзі бағалау) қалыптастырды. Зерттеу жұмысымызды диаграммада жобалап оқыту әдісінің қазақ эпосын оқытудағы негізгі үш нәтиже бағытының тиімділік деңгейін көрсетеміз.

1-сурет



Бұл көрсеткіштер білім алушылардың ойлау, эмоциялық және әлеуметтік дағдыларын кешенді түрде дамытуға мүмкіндік беретінін дәлелдейді. Зерттеу барысында жобалық оқыту әдісін қолдану барысында, студенттердің:

- сыни және шығармашылық ойлау қабілетін арттырады;
- топта тиімді қарым-қатынас орнатуға үйретеді;
- ұлттық мәдениет пен рухани мұраға деген құрметін күшейткені байқалды.

Осы ретте, жобалық оқыту әдісінің нәтижесі эпос пен заманауи өмір арасындағы рухани көпірдің қалыптасуы. Білім алушылардың эпостық кейіпкерлердің ерлік, намыс, әділет секілді ұғымдарын бүгінгі қоғамның тұлғаларымен салыстырып, ұлттық болмысты заманауи контексте білім ойларын арттырды. Қазақ эпосын оқытудағы жобалық әдісі арқылы оқытудың теория мен тәжірибені біріктіріп, оқушылардың сыни ойлау, мәдени сезімталдық және азаматтық жауапкершілік қабілеттерін дамыту негізге алынды. Бұл әдіс білім алушының рухани-адамгершілік және тұлғалық қалыптасуға бағытталған жүйе екенін дәлелдейді.

**Қорытынды.** Қазақ эпосын жобалық әдіс арқылы оқыту – бұл ұлттық мұраны жаңа формада танып, білім беру кеңістігін тұлғалық және мәдени тұрғыдан байытатын тиімді педагогикалық әдістеме болып табылады. Жобалық тәсіл дәстүр мен инновацияны, ғылыми сарап пен шығармашылық әрекетті үйлестіре отырып, оқушыларға эпостардың терең мәнін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл әдістеме педагогикалық парадигмалық өзгерістермен үндесіп, білімді бірлесе жасап шығару қағидасына негізделген: оқушылар мен мұғалім бірлесіп іздену арқылы эпостық мазмұнды тек есте сақтау емес, сонымен бірге оны талдау, интерпретациялау, өз тұжырымдарын жасау арқылы меңгереді.

Жобалық әдіс арқылы эпостардағы батыр бейнесін қазіргі қоғамдағы қаһарман ұғымымен салыстыруға мүмкіндік туады. Осы жолмен оқушылар батырлық ұғымының



тарихи, мәдени, әлеуметтік контекстерін зерттеп, оның моральдық мәні мен ішкі философиялық мазмұнын анықтайды. Батырлық пен қаһармандық тек тарихи оқиғаларға ғана байланысты емес, бүгінгі күннің адамдық қасиеттері, жауапкершілік және қоғамдық ұстанымдарымен сабақтасып, сабақтастық арқылы халық мәдениетінің тұрақтылығы мен рухани бірлігін көрсетеді.

Эпостық батырлық ұғымы халықтың рухани жадында мәңгілік құндылық ретінде қалыптасқан: дәуірге қарай оның бейнесі өзгергенімен, өзегінде елге адалдық, ерлік, әділдік және қоғам алдындағы жауапкершілік идеясы сақталады. Жобалық әдіс бұл құндылықтарды оқушыға көркемдік-танымдық тұрғыдан жеткізіп, тек тарихи фактіні меңгертуге ғана емес, сонымен бірге этикалық, рухани және шығармашылық ойлауды дамытатын құрал ретінде қызмет етеді.

Эпосты жобалық әдіс арқылы оқыту – бұл ұлттық мәдени мұраны заманауи білім беру процесінде тиімді қолданудың жаңа тәсілі, оқушылардың тұлғалық дамуына, шығармашылық қабілеттерінің ашылуына және ұлттық сана мен рухани бірліктің нығаюына жол ашатын педагогикалық амал. Ең бастысы, қазақ эпостарын жобалық әдіс арқылы оқыту ұлттық мұраны жаңа формада тануға мүмкіндік беретін, білім беру кеңістігін тұлғалық және мәдени тұрғыда байытатын әдістеме болып табылады. Бұл әдіс дәстүр мен инновацияны, ғылыми сарап пен шығармашылық әрекетті ұштастырады, педагогикадағы парадигмалық өзгерістермен үндесіп, білімді бірлесе жасап шығару қағидасына сүйенеді. Жобалық әдіс оқушыларға эпостық батыр мен бүгінгі қоғам қаһарманы арасындағы байланыстың ішкі моральдық мазмұнын талдап, негізгі ұғымдарды түсінуге жағдай жасайды. Эпостардағы батырлық ұғымының сабақтастығы халықтың мәдени тұрақтылығы мен рухани бірлігін айғақтайды; дәуірге сай өзгерсе де, өзегінде елге адалдық, ерлік идеясы сақталады. Оқушылар тарихи-салыстырмалы, аналитикалық, жүйелеу, текстологиялық және рөлдік ойын әдістерін қолданып, эпостардағы кейіпкерлердің мінез-құлқын, моральдық шешімдерін зерттейді, олардың бүгінгі қоғамдағы өзектілігін бағалайды. Осылайша, жобалық әдіс арқылы эпостарды оқыту шығармашылық ойлау мен зерттеу дағдыларын дамытып, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтарға деген құрметті қалыптастырады.

### Әдебиеттер

1. Что такое проектное обучение и где оно применяется? URL: [https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenyaetsya/?utm\\_source](https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenyaetsya/?utm_source)
2. Касьяник Е.А. Метод проектов: от теории к практике //Мастерство online [Электронный ресурс]. – 2015. – 4(5). URL: <http://ripo.unibel.by/index.php?id=913>
3. Нартова О.В. Инновационные технологии в образовании: проектная методика// Качество образования: системы, технологии, инновации: материалы международной научно-практической конференции. — Барнаул: АлГТУ, 2007. — С. 316-317. URL: <http://elib.altstu.ru/diss/conferenc/2007/kat/c2007.htm>
4. Ayazhan Toibazar, Gulnaz Dautova1, Yerbol Aliyev & Talgat Turdali. Ethnic Narratives in Education: The Role of Kazakh Epics in Preserving Cultural Heritage and Identity. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. Journal of Ethnic and Cultural Studies 2025, Vol.12, No. 1, 154-177. DOI: <https://doi.org/10.29333/ejecs/2414>
5. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Жазушы, 1984. – 272 б.
6. Yergubekova, Z., & Rayeva, V. (2023). System of “Hero” conception in Kazakh heroic poems. EuroAsia Journal of Social Sciences and Humanities, 10(30). – P. 86-94. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.7949107>
7. «Қобыланды батыр» жыры. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 125 б.
8. «Ер Тарғын». Қазақ халық эпосы. – Алматы: Жазушы, 1989. – 280 б.
9. Қоңыратбаев Ә. Эпос және оның типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1987. – 531 б.
10. Тұрсынов Е. Қазақ эпосының поэтикасы. – Алматы: Білім, 2004. 320 б.



**Н.А.МАЖИЕВА, Н.С.БАЛТАБАЕВА**

Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан

**Р.А.БЕРКЕНОВА**

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

## **ПРЕПОДАВАНИЕ КАЗАХСКИХ ЭПОСОВ В ВУЗАХ ПО ПРОЕКТНОЙ МЕТОДИКЕ**

**Аннотация.** В данной статье рассматриваются способы преподавания казахского эпоса в высших учебных заведениях методом проектов. Цель исследования – выявить возможности проектного обучения, сформировать творческие способности и исследовательские навыки будущих учителей, их отношение к национальным ценностям. То есть, проектное обучение ориентирует студентов на формирование самостоятельных искателей, аналитиков и мыслителей.

Проводится сопоставительный анализ жанровых особенностей и общих черт эпических произведений, определяется их роль в национальном мировоззрении. На примерах доказывается, что победа героя, его героизм в защите Родины, достигнутый через преданность любимой, является основным мотивом, выражающим волеизъявление народа идеалы. Подобные сюжеты на протяжении веков находили своё продолжение в народном творчестве и сохранялись в народной памяти как образец. То есть, учитывая, что актуальность данной темы, изучаемой в области фольклора и педагогической науки, не теряет своей актуальности и в современный период, при использовании метода проектов студенты изучают тематические и содержательные особенности, исторические основы эпоса, всесторонне анализируют его художественно-эстетическую ценность и сочетают это с современными технологиями обучения. Такой подход повышает интерес студентов к национальному духовному наследию, развивает их предметные и метапредметные компетенции. На основе опросов и дискуссий, проведенных среди студентов университета, а также аналитической работы на лекциях и практических занятиях, были систематизированы их взгляды и выводы. В этом направлении, опираясь на методические выводы известных ученых-педагогов, на уроках использовались эффективные методы.

Результаты исследования показывают, что метод проектов при обучении казахскому эпосу повышает активность студентов, навыки критического мышления, культуру командной работы.

**N.A.MAZHIYEVA, N.S.BALTABAEVA**

Kazakh national woman's teacher training university, Almaty, Kazakhstan

**R.A.BERKENOVA**

International Taraz university named after Sherkhan Murtaza, Taraz, Kazakhstan

## **TEACHING KAZAKH EPICS IN UNIVERSITIES USING PROJECT-BASED METHODS**

**Annotation.** This article examines project-based teaching methods for Kazakh epics in higher education institutions. The purpose of the study is to identify the potential of project-based learning, develop the creative and research skills of future teachers, and foster their attitude toward national values. In other words, project-based learning guides students toward developing into independent explorers, analysts, and thinkers.

A comparative analysis of the genre characteristics and common features of epic works is conducted, and their role in the national worldview is determined. Examples demonstrate that the hero's victory and his heroism in defending the Motherland, achieved through devotion to his beloved, are the primary motif expressing the ideals cherished by the people. Such stories have continued throughout the centuries in folklore and have remained in the people's memory as models. Considering that the relevance of this topic, studied in the fields of folklore and pedagogy, remains relevant today, using the project-based method, students explore the thematic and substantive features and historical foundations of the epic, comprehensively analyze its artistic and aesthetic value, and combine this with modern teaching technologies. This approach increases students' interest in the

national spiritual heritage and develops their subject-specific and meta-subject competencies. Based on surveys and discussions conducted among university students, as well as analytical work during lectures and practical classes, their views and conclusions were systematized. In this regard, drawing on the methodological findings of renowned academics and educators, effective methods were used in lessons.

**Keywords:** The study results show that the project-based method in teaching Kazakh epic poetry increases student engagement, critical thinking skills, and a culture of teamwork.

## References

1. Chto takoe proektnoe obuchenie i gde ono primenäetsä? URL: [https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenya-etsya/?utm\\_source](https://skillbox.ru/media/education/chto-takoe-proektnoe-obuchenie-i-gde-ono-primenya-etsya/?utm_source)
2. Käsänik E.L. Metod proektov: ot teorii k praktike //Masterstvo online [Elektronnyi resurs]. – 2015. – 4(5). URL: <http://ripo.unibel.by/index.php?id=913>
3. Nartova O.V. Innovatsionnye tehnologii v obrazovanii: proektnaia metodika// Kachestvo obrazovania: sistemy, tehnologii, innovatsii: materialy mejdunarodnoi nauchno-prakticheskoi konferentsii. – Barnaul: İzd-vo AlgGTU, 2007. – S. 316–317. URL: <http://elib.altstu.ru/disser/conferenc/2007/kat/c2007.htm>
4. Ayazhan Toibazar, Gulnaz Dautova1, Yerbol Aliyev & Talgat Turdali. Ethnic Narratives in Education: The Role of Kazakh Epics in Preserving Cultural Heritage and Identity. Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Republic of Kazakhstan. Journal of Ethnic and Cultural Studies 2025, Vol.12, No. 1, 154-177. DOI: <https://doi.org/10.29333/ejecs/2414>
5. Qasqabasov S. Qazaqtyñ halyq prozasy. – Almaty: Jazuşy, 1984. – 272 b.
6. Yergubekova, Z., & Rayeva, V. (2023). System of “Hero” conception in Kazakh heroic poems. EuroAsia Journal of Social Sciences and Humanities, 10(30). – P. 86-94. DOI: <https://doi.org/10.5281/zenodo.7949107>
7. «Qobylandy batyr» jıry. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 125 b.
8. «Er Tarğyn». Qazaq halyq eposy. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 280 b.
9. Qoñyratbaev Ä. Epos jäne onyñ tipologiasy. – Almaty: Čylym, 1987. – 531 b.
10. Türsynov E. Qazaq eposynyñ poetikasy. – Almaty: Bılım, 2004. – 320 b.

## Авторлар туралы мәлімет:

**Мажиева Назым Айтбайқызы** – Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан.

**Мажиева Назым Айтбайқызы** – докторант Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

**Mazhiyeva Nazym Aitbaykizi** – doctoral student, Kazakh National Women’s Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**Балтабаева Наргиза Смаиловна** – философия докторы (PhD), Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің қауымдастырылған профессор м.а., Алматы, Қазақстан.

**Балтабаева Наргиза Смаиловна** – доктор философии (PhD), и.о. ассоциированный профессор Казахского национального женского педагогического университета, Алматы, Казахстан.

**Nargiza Baltabayeva** – Doctor of Philosophy (PhD), associate professor Kazakh National Women’s Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.

**Беркенова Рабиға Ағабекқызы** – филология ғылымдарының кандидаты Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университеті, Тараз, Қазақстан.

**Беркенова Рабиға Ағабекқызы** – кандидат филологических наук Международного Таразского университета имени Шерхана Муртазы, Тараз, Казахстан.

**Berkenova Rabiga** – The candidate of Philology Sciences Sherkhan Murtaza, International Taraz university, Taraz, Kazakhstan.